

Кезектен тыс педагогикалық кеңестің хаттамасы № 2

Уақыты: 04.09.2023

Қатысқандар: 31

Қатыспағандар: 0

Тақырыбы: «Тасшалқар ауылының жалпы орта білім беретін ұйымы және мектепке дейінгі ұйымның өзін - өзі бағалауды ұйымдастыру және жүргізу бойынша дайындық жұмыстарын жүргізу туралы»

Күн тәртібінде:

1. Педагогикалық этиканың сақтау туралы
2. Мектептің өзін - өзі бағалау комиссиясын құру
3. Білім беру ұйымдарының және мектепке дейінгі ұйымның өзін - өзі бағалау құрылымы және оның шарттары жайында

Тыңдалды :

1. Бірінші мәселе бойынша мектеп директоры Кожухметов Қайрат Балтабайұлы педагогикалық этиканың ережелерімен таныстырды.

1. Осы Педагогикалық әдеп қағидалары (бұдан әрі - Педагогикалық әдеп) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының және «Педагог мәртебесі туралы» 2019 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының ережелеріне сәйкес әзірленді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының жалпыға бірдей танылған адамгершілік қағидағтары мен нормаларына негізделген.

2. Педагогикалық әдеп білім беру ұйымдарының педагогтері басшылыққа алатын педагогикалық әдеп қағидағтары мен нормаларының жалпы жиынтығын білдіреді.
3. Педагогикалық әдеп ережелерін педагогтердің білуі және сақтауы олардың кәсіби қызметі мен еңбек тәртібі сапасын бағалау өлшемшарттарының бірі болып табылады.
4. Педагогикалық әдеп мәтіні білім беру процесінің қатысушылары үшін белгілі бір қолжетімді орында орналастырылады.
5. Педагогке қатысты талқылаулар және олардың негізінде қабылданған шешімдер педагогтің жазбаша келісімімен ғана жария етілуі мүмкін.

2. Екінші мәселе бойынша мектеп директоры Кожухметов Қайрат Балтабайұлы мектептің өзін - өзі бағалау комиссиясын құру жөнінде айтып, таныстырып өтті.

Өзін - өзі бағалау комиссиясының құрамында келесі тұлғалар бекітілді.

Комиссия төрағасы: - Кожухметов Қайрат Балтабайұлы мектеп директоры
Комиссия мүшелері:

Женисхан Аймангул - директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары

Асгат Кагила - директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары

Женихова Елена Василевна - директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Заркымова Саулжан Канжаровна - директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Альжанов Ақыл Азмаганович - шаруашылық жөніндегі меңгерушісі

Амандосова Эльмира Зейнуллаевна - қамқоршылық кеңес мүшесі

3. Үшінші мәселе бойынша Білім беру ұйымдарының өзін өзі бағалау құрылымы және оның шарттары турасында мектеп директоры Қожахметов Қайрат Балтабайұлы келесі сөз кезегінде Ақмола облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің «Ақмола облысы бойынша 2023 жылдың бірінші жарты жылдығына арналған мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізімінің кестесіне сәйкес қазан айында жоспарланды. 4, 9 сынып білім алушылардың кешенді тестіледен өту, білім беру процесіне қатысушылардың және басқа респонденттердің сауалнамадан өту жөнінде және өзін - өзі бағалау өлшеу шарттарымен таныстырып өтті.

Кешенді тестілеуге қатысатын 4,9 сынып білім алушылардың контингентін көрсете отырып оқу ісінің орынбасарлары Женисхан А. және Асгат К. Ұлттық бірыңғай тестілеу базасына тіркесуді ұйымдастыру, тізімі бақылау департаментіне жолданылатындығы айтылды.

4,9 сынып жетекшілері, білім алушылардың тестілеуге толық келуін қамтамасыз ету, қадағалау сынып жетекшілерге жүктелді.

Анафина Г.К.- 4 «Б» сынып жетекшісі

Хосан Ж.-4 «А» сынып жетекшісі

Жүнүс Е.К.- 9 «А» сынып жетекшісі

Коровина О.С.- 9 «Б» сынып жетекшісі

Төмендегі мұғалімдер аудитория кезекшілігі міндетін келесі мұғалімдерге жүктелетіндігі ескерілді.

Хасенова С.Б.- мектеп психологі

Мырзахан К – информатика пәнінің мұғалімі

Қаулы етті:

- 1 Кешенді тестілеу өткізу алдында медицина қызметкері Иманбаева Г.М. білім алушылар денсаулығын бақылап, педагог- психолог Хасенова С.Б. психологиялық тренинг өткізсін.
- 2 Информатика пәнінің мұғалімі Мырзахали К. тестілеу кезінде телекоммуникациялық желінің және компьютерлік техниканың үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етсін.;
- 3 4, 9 сынып білім алушылары кешенді тестілеуге ата-аналар мен пән мұғалімдері сауалнама орындауға жаппай қатысуы қамтамасыз етілсін.
- 4 Тасшалқар ауылының жалпы орта білім беретін ұйымы және мектепке дейінгі ұйымды өзін - өзі бағалау жоспарға сай материалдары уақытылы ұйымдастырылып, рәсімделсін құжаттары мектеп сайтына уақытында жүктелсін.

Мектеп директоры:  Қожахметов К.Б.

Хатшы:  Маухан А.